

Е. БЕКМАХАНОВ,
Н. БЕКМАХАНОВА

ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫ

VII—VIII КЛАСТАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Өңделген, он алтыншы басылымы

АЛМАТЫ, «МЕКТЕП»
БАСПАСЫ, 1977.

ИБ № 361

Қазақ ССР Оқу министрлігі бекіткен

ЖАС ШӘКІРТІ

Сен қолыңдағы осы оқу құралын мұқият күтіп ұстап, кезекті бір класты немесе мектепті бітіргенде оны мектеп кітапханасына немесе өзіңнен бір класс кейін оқитын серігіңе табыс ететін бол. Сонда бұл оқу құралын өзіңнен кіші жолдасың пайдаланатын болады.

«Мектеп» баспасы.

Оқу құралын пайдалануы жөнінде мәлімет

Оқушының аты мен фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың ескі-жаңалығы	
		Жыл басында қандай еді	Жыл аяғында қандай еді
1			
2			
3			
4			
5			

Б $\frac{66-144}{М 404(07) 77}$ 48-77

Ермухан Бекмаханов, Найля Бекмаханова

ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР

Учебное пособие для VII—VIII классов на казахском языке

Шестнадцатое издание

Зав редакцией Т. О. Муканов. Редактор М. Жамекешова. Худож. редактор В. Логинов. Техн. редактор Н. Визиренко. Корректор Б. Туякбаева.

Сдано в набор 1/IV-1977 г. Подписано к печати 6/VI-1977 г. Бумага тип. № 2. Формат 60×90^{1/16}. Объем п. л. 7,0+0,25 цв. вкл. Уч.-изд. л. 7,192+0,24 цв. вкл. Тираж 100 000 экз. Цена 14 коп.

Издательство «Мектеп», г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 99а.

Заказ № 510. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

043467

Сегіз жылдық және орта мектепте Қазақ ССР тарихы СССР тарихы пәнінің бір бөлігі ретінде оқылады. Сондықтан СССР тарихы оқулығынан оқушыларға таныс жалпы россиялық оқиғалар бұл оқу құралына енгізілмеді.

Оқу құралы архивтік және әдеби деректерді пайдалану негізінде жазылды. Сонымен қатар «Қазақ ССР тарихы» (Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы 1963 ж.) материалдары пайдаланылады.

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Сендердің алдарында жатқан өзіміз еңбек етіп, дәурен сүретін республикамыз — Қазақ ССР тарихының оқулығы. Біздің республикамыздың жері ұлап-байтақ: ол Алтайдан Каспий теңізіне, Тянь-Шаньнан Уралға дейін созылып жатыр. Республикамыздың байлығы ұшан-теңіз, оның құнарлы далалары, алуап түрлі пайдалы қазбалары, әсем қалалары бар. Оны көптеген ұлттар мекендейді. Біздің Отанымыз — Совет Одағы жүзеге асырып жатқан коммунизм құрылысына Советтік Қазақстан да зор үлес қосып келеді.

Бұл кітап Қазақстан территориясында бұрын адамдар қалай өмір сүріп келгені жайында әңгімелейді. Ерте кезде бұл ұшы-қиыры жоқ кең даланы көшпелілер мен егіншілер мекендеген. Рақымсыз шапқыншылықтар жасап, тонап, бейбіт қазақ тұрғындарын құлдыққа айдап әкеткен соғыс кезендері көшпелілердің өлке және көрші елдердің отырықшы халқымен саяси, экономикалық және мәдени байланыстары реттеліп, қалалардың, сауданың, қолөнердің гүлденген бейбіт кездерімен алмасып отырды.

Сендер бұл кітаптан Қазақстан жерінде ерте кездерде болған мемлекеттерді, қазақ халқының жаулармен күрес үстінде қалай қалыптасқанын білесіңдер.

Алайда хандар мен сұлтандардың өз ара қырқысулары, соғыс құмар жоңғарлар мен қоқандықтардың және Хиуа феодалдарының жүргізген басқыншылық саясаты қазақтардың мемлекеттік дамуын кешеуілдетті. Россияның достық көмегінің арқасында қазақ халқының ұлттық дербестігі сақталып, шаруашылық және мәдени өмірде белгілі бір табыстарға қолы жетті.

Бұл оқулықтан сендер Қазақстанның көп ұлтты халқының ең алдымен орыс және қазақ еңбекшілерінің ұзақ жылдар бойы қалыптасқан достық қатынасының тарихымен танысасыңдар, сөйтіп, Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының неліктен мұндай зор маңызы, оның бұл өлкені мекендеген халықтардың болашақтағы тағдыры үшін прогрестік маңызы болғанын түсінесіңдер. Халықтың өткендегі тарихы — бұл оның бостандық жолындағы күресінің тарихы. Біз Қазақстандағы халық көтерілістерінің көсемдері: Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісовтың есімдерін еске алып, құрметтейміз. Бұл оқулықта солардың даңқты ерліктері жайында әңгімеленеді.

Достар! Сендер көптеген жаңа, қызықты оқиғаларды білетін боласыңдар. Бұл білім сендерге керек болады. Ол сендерге сәулетті болашағымыз — коммунизм орнатуға көмектеседі.



БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫС

I Т А Р А У


Өте ерте замандағы адамзат қоғамы

§ 1. Алғашқы адамның және қоғамның қалыптасуы


1. Табиғи орта. Бұдан 700—500 мың жыл бұрын, Қазақстан территориясында алғашқы адамдар пайда болған кезде климат қазіргідей болмаған. Таулары аласа болған, сондықтан оңтүстіктен, Үнді мұхиты жағынан Қазақстанға ылғалды жылы ауа емін-еркін есіп тұрған. Жиі-жиі жауған жылы жаңбыр алуан-алуан өсімдіктердің өсуіне себепкер болған. Мұнда әр түрлі жануарлар мекендеген. Аңғарларда, өзендер мен көлдер жағаларында пілдер болған. Шөбі шүйгін, кең-байтақ шалғындарда үйір-үйір жылқы жайылған. Солтүстікке қарай, Алтай тауларының етегінде мамонттар, ұзын жүнді носорогтар, үңгір аюлары болған, жазық далада түйе, жайран, бөкендер үйір-үйірімен қаптап жүрген. Мұнан 100 мың жылдай бұрын ауа райы суытып, климат жағдайының кенет өзгеруінен жылылықты жақсы көретін жануарлар қырыла бастаған. Қазақстанда ауа райының суытуы өте ұзақ уақытқа созылған. Тек 12 мың жылдықтар ішінде ғана жылылық басталып, климат қазіргі кездегіге жақын болған.

2. Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдар. Алғашқы адамдар осындай табиғат жағдайында өмір сүрген. Қарапайым ағаш таяқтың көмегімен адам жеуге жарайтын өсімдік тамырларын қазып алып, жабайы өсетін астық тұқымдастарды теріп, ұсақ, ірі жануарларды аулап, шағын өзендер мен жылғалардан балық аулап күн көрген. Жыртқыш аң, тасқын су, өңменінен өтетін суық, аурулар адамға жан-жағынан қауіп төндірген. Бізден бұрын ешқандай да алтын ғасыр болмаған, алғашқы адамдар күн көрудің қиыншылығынан, табиғатпен күрестің қиыншылығынан әбден жаншылып отырған.


Өзін қоршаған жануарлар дүниесінен адам еңбек етудің арқасында бөлініп шыққан. Адамдар бірлесіп істеген еңбек үстінде



Тас ғасырының құралдары.



Найзаның ұшы.



Қыш құмыра ыдыстар.

коллективтерге — алғашқы қауымдарға бірікті. Бір-бірімен қарым-қатынас жасай жүріп, олар бірін-бірі тек ыммен ғана емес, сөйлеу арқылы да түсінуге үйренген.

Уақыт солай өтіп жатты. Ондаған ұрпақтар ауысты. Адам тәжірибе жинақтап, еңбек құралдарын жетілдіре түсті. Тас құралдардың орнына енді мыс және қола, сонан кейін темір құралдары шықты.

Қазақстан территориясында ертедегі адамдардың қалған сүйектері әзір табылған жоқ, бірақ көптеген палеологиялық қоныстар мен одан табылған тас қарулар, жануарлардың сүйектерін солардың қалдырған іздері деуге болады.

Қазақстан жерінде тас ғасырдың тым ерте заманнан қалған ескерткіштері Шымкент қаласының солтүстігіндегі Қаратау тауларынан, Қарағанды қаласының солтүстігіндегі Есіл өзенінің жоғарғы сағасынан, Бетпақ даладан, Шу өзенінің оң жақ жағалауынан, Бұқтырма өзенінің бойынан табылды. Адамдардың осы аталған қоныстарынан шақпақ тас пен яшмадан жасалған бұйымдар табылған. Бұл найза мен садақ жебесінің сүйір ұшы, қол шапқылар, қырғыштар. Бұл құралдар жеуге жарайтын жабайы өсімдіктерді жинау, аң аулау, жаудан және жыртқыш

андардан қорғану үшін қажет болған. Бұл қоныстарды мекендеушілердің бизондарды, мамонттарды, жабайы жылқыларды аулағаны анықталды.

Қазалыға жақын маңнан табылған қыш құмыра сынықтары Қазақстанды мекендеген алғашқы адамдардың отты пайдалануын дәлелдейді. Бұл құмыраларды саздан жасап, содан кейін отқа күйдірген, оны тамақ істеп ішуге пайдаланған.

Жаңа тас ғасырының аяқ шенінің өзінде-ақ (бұдан төрт мың жылдай уақыт бұрын) Қазақстанда құралдар жасау үшін таза мысты пайдаланатын болған. Тек неолиттен кейінгі қола дәуірінде ғана (біздің эрамыздан бұрынғы II мың жылдықтың екінші жартысы мен I мың жылдықтың бас кезі) тас құралды металдан жасалған құрал ығыстырған. Мал бағу, сондай-ақ кен қазу және металл құралдарын жасау ісінде еркектердің ролі арта түскен. Қола дәуірінде Қазақстан ертедегі металлургияның басты орталықтарының бірі болған. Алтай мен Орталық Қазақстанда кен қазу құралдары: кетпен, кен уатқыш, қайла, теселер табылған. Сонымен қатар кен қазғанда марал мен арқар мүйізін, ірі жануарлардың жауырын сүйегін, сүйектен жасалған пышақтарды қолданған.

Кен әсіресе Жезқазған маңында еселеп өндірілген, мұнда мыс, қалайы, темір, алтын, күміс балқытып, оны өңдейтін де болған. Түсті металдар, әсіресе мыс Европа мен Азия халықтарының арасындағы сауда айырбас затына айналған. Өте ерте кездерде Шығыс Қазақстанның Нарым және Қалба жоталарындағы кен қазу орындарының өзінде ғана адамдар 1100 тонна қалайы қазып алғанын ғалымдар есептеп шығарды.

§ 2. Рулық қауым

1. Андронов мәдениеті. Қола дәуірінде Қазақстан территориясын Минусин қазан шұңқырындағы Андроново деревнясының атымен аталған Андронов мәдениетінің тайпалары мекендеген. Онда осы мәдениетке жататын бірнеше зират алғашқы рет қазылып зерттелген.

Андронов мәдениеті Уралдан Енисейге дейін, тайганың оңтүстік шегінен Тянь-Шань тауларына дейін өте кең тараған. Өте ертедегі зираттарды қазу андроновтықтардың өмірін толығырақ білуге көмектеседі. Тастан, ағаш бөренелерден жасалған табытқа немесе жай шұңқыр қазып, өлген адамды бұгулі күйінде қырынан жатқызатын болған. Оның жанына саздан жасалған құмыраға азық салып қойған. Құмыралар өрнектермен: ойылған үш бұрыш, айқыш-ұйқыш және тура тартылған сызықтармен безендірілген. Арнаулы жерлерде ата-бабаларына арнап құрбандық шалған.

2. Андроновтықтардың шаруашылығы. Андроновтықтар бақташылық мал шаруашылығымен, егіншілікпен және балық аулаумен шұғылданған. Олар өздерінің қоныстарын ықтасын жер-

лерге, шүйгін шөпке бай өзен сағаларына салған. Олардың дәнді дақыл, көбінесе тары өсіретін шағын егістік жерлері де осында болған. Қоныс тұрғындары қабырғалары тас плиткалармен немесе ағашпен қапталған кең жер үйлерде паналаған. Баспананың төбесіне сырғауылдар қойып, оның үстіне шыбықтар төсеп, сыртын топырақпен жапқан, үйдің төбесін ағаш дінгектер тіреп тұрған. Мұндай жер үйлерді тастан қаланған ошақтарға от жағып жылытқан. Еден астынан үңгір — қойма қазылып, онда сүттен жасалған тағамдар мен ет сақталатын болған. Жер үйге жалғастыра ірі қара мал, жылқы қамайтын қоралар салынған. Осындай бірнеше үйлерден поселке құралған.

Андроновтықтар өрмек токумен, тері илеумен, металдан және сүйектен құралдар жасаумен айналысқан. Ертедегі зергерлер қабыршақтардан, мыс пластинкалардан, жабайы аңдардың азу тістерінен әшекейлер жасаған. Андроновтықтар егістік жерді тас тесемен өңдеп, егінді қоладан жасалған орақпен орған. Пішен мен бұтаны орақпен, шалғымен шапқан. Қоладан пышақ, қанжар, садақ жебесінің үшкір ұшын және найза жасаған.


§ 3. Тайпа одақтары

Сақтар. Қазақстанда сөйтіп бірте-бірте темірді игере бастаған. Қуатты тайпа одақтары құрылған. Жеке семьялардың қолына көп мал біткен. Мал иелері жайылым жерлерді әрдайым ауыстырып отыруға мәжбүр болған. Тек өзен аңғарлары ғана емес, сонымен қатар дала зоналары мен шөлейт жерлер, Тянь-Шаньның биік таулы бөктерлері бірте-бірте игеріле бастаған. Жұрт атқа ауыздық салуды ойлап тапқан, сөйтіп, ат алысқа қатынасатын аса маңызды көлікке айналған. Көшіп-конуға қолайлы, жеңіл киіз үй икемделіп тұрақты тұрғын үйге айналған. Алыстан көздеп ататын садақ, ұшы үш қырлы жебе, акинак¹ — семсер қорғанудың және шабуыл жасаудың үрей ұшырататын қаруы болып алды. Мал мен жайылым үшін болған соғыстардан тайпа басшылары байып отырған. Тайпалар бірігіп, тайпа одақтарын құрған, оны олардың көсемдері басқарған. Көсемдердің өкіметі барған сайын нығая түскен.

Біздің эрамыздан бұрынғы I мың жылдықтың орта шенінде көне колжазбаларда Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген сақ² тайпаларының қуатты одақтары болғаны туралы деректер келтірілген. Біздің эрамыздан бұрынғы VI ғасырда бұл жаққа фарсылар баса-көктеп кірген. Сақтар фарсы патшасы Кирдің әскерлеріне қарсы ер жүректілікпен шайқасқан. Бірде олар Кирдің әскерлерін еліктіріп өз елінің ішіне алыстатып апарған, онда фарсылар бұлардың қостарын басып алып, жеңісті тойлап жатқан кезде оларға тұтқиылдан лап қойып, қы-

¹ А к и н а к — қысқа семсер.— (ред.)

² Сақ тайпаларының одағына массагеттер, даилар, каспийшілер, исседондар, кейініректе аландар, савроматтар кірген.



Сақ заманындағы (б. э. б. VII—V ғасырлар) мәдени ескерткіштер:
 а — скифтік стильде салынған аң суреті бар белдіктің доға басы, б — алтын бедерлі арыстан, в — гранит моншақтардан жасалған алқа, г — сүйектен жасалған бұйымдар, д — қоладан жасалған жебенің ұшы.

рып салған. Осы шайқаста Қирдің өзін де өлтірген. Өте ертедегі тарихшылар: сақтардың әйел патшасы Томирис месті қанға толтырып, оған Қирдің басын салындар деп әмір етіпті де: «сен шайқаста жеңіске жеткен мені тірідей азапқа салып, зұлымдықпен ұлымнан айырдың, ал мен өзімнің ант еткенімдей сені қанға тойғыздым деді» — деп хабарлайды.

Біздің эрамыздан бұрынғы 518 жылы фарсы патшасы I Дарий сақтарға шабуыл жасаған. Ол да сақтардың байлыққа толы жерлерін жаулап алмақшы болған, бірақ сәтсіздікке ұшыраған. Дүркін-дүркін тұтқиылдан шабуыл жасап фарсы әскерлерінің титығына жетіп, дүркіретіп қуған сақтардың қайтпасқайсар атты әскерлерін Дарий қолбасшылары көпке дейін естерінде сақтаған. Фарсылармен соғыс ұзаққа созылып, сақтардың бірқатары оларға бағынып алым-салық төлеп, фарсы әскерлеріне жауынгерлер беріп тұрған. Біздің эрамыздан бұрынғы 490 жылғы Марафон шайқасында сақтар фарсыларды жақтап грек-

терге қарсы шайқасқан. Сақтардың Грецияға аттанған жорыққа қатысқаны, олардың біздің эрамыздан бұрынғы 479 жылы Платай маңында болған шайқаста көрсеткен ер жүректілігі жайында грек тарихшысы Геродоттың жазбалары күні бүгінге дейін сақталған.

2. Сақтардың шаруашылығы, тұрмыс салты, діни нанымы. Тұрмыс салты жағынан сақтар көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыста тұрған мал өсірушілермен оазистерді жайлаған отырықшы халыққа бөлінген. Мал өсіруші сақтар қой, жылқы, сиыр ұстаған. Көшпелі сақтар негізінен киіз үйлерде тұрған. Ал Сырдария аңғарын мекендеген сақтар егіншілікпен айналысып, егісті қолдан суғару әдісін қолданған. Екінші сақтар өздеріне үйді саз балшықтан, ал орман көп жерлерде ағаштан салған. Отырықшы халық тұрған жерлерде бертін келе тек селениелер ғана емес, қалалар да пайда болған. Бұл қалаларда қолөнер мен сауда көркейіп гүлденген. Сақ шеберлері металдан құралдар, қарулар, өрнекті әшекейлі бұйымдар жасауға ерекше өнерлі болған. Сақтар Алтай, Сибирь, Шығыс және Европа халықтарымен байланыс жасап тұрған.

Қазылған ескі молалардан табылған заттарды зерттеу арқылы сақтардың өмірі туралы көптеген қызықты мағлұматтар жинады. Сақтар заманынан қалған айқын ескерткіштердің бірі — Іле өзені аңғарындағы Бесшатыр моласы. Мола көптеген қорғандардан тұрады. Олардың ең үлкенінің биіктігі бес қабат үйдің биіктігіндей. Қорғандардың бірінде Тянь-Шань шыршасының жуан бөренелерінен салынған құрылыстар бар екен. Бесшатыр моласынан табылған заттар сақтардың арасынан күдіретті және бай тайпа көсемдері шыққаны, өлгеннен кейін оларды жерлеу үшін қабірге қыруар еңбек пен қаржы жұмсалып, ғаламат құрылыс жүргізіп салғаны жайында сыр шертеді.

1969—1970 жылы Алматы облысы, Есік қаласының маңынан тамаша жаңалық ашылды: тоналмай аман сақталған аса бай қабір табылды. Ол, біздің эрамыздан бұрынғы V ғасырда салынған екен. Биіктігі 7 метрден асатын қорғанның ішінде, ағаш қимаға салынған, мерекедегіше сәнді киіндірілген, үстіне қаруларын түгел асынған жас жігіттің сүйегі табылды. Ақсүйек сақтың киімін 4 мың алтын алқа мен аттың, барыстың, тау ешкінің, құстардың тұлғасы бейнеленген пластинкалар жауып тұрған. Солардың қойылғанына қарай бас киімі конус сынды биік, күлнара шалбары, етігі қалпына келтірілді. Сақ киімінің сәні түрлі әшекейлермен безендірілген. Мысалы, алтын спиральды жалдың суреті салынып, оның шет-шетіне жолбарыстың бас суреті, екі қалың жүзік, зымырап бара жатқан бұғының бейнесін елестететін жұқа металдан құрастырылған белбеу бейнеленген. Көмілген адамның жанына оюлап алтын бедер салған семсер мен қанжар, қамшы, мата сумка қойылыпты. Қорғанның ішінен ағаштан, саз балшықтан, қоладан және күмістен жасалған отыз ыдыс табылды. Олардың біріне жазылған екі жол жа-

зу күні бүгінге дейін сақталыпты. Мұның өзі біздің эрамыздан бұрынғы сонау V ғасырдың өзінде-ақ Қазақстан жерін мекендеген жұрттың жазуы болғанын көрсетеді.

Археологтар Қазақстан және Орта Азия жерлерінен діни салт жораларға арналған құрбан шалу столдарын, шырағдандарды және басқа заттарды тапты. Бұл сонау сақ заманына тән заттар. Ғалымдар бұл заттар отқа табынуға байланысты шыққан деп топшылайды. Бұл заттарға қиялдан туған жануарлардың бейнесі әшекейленіп салынған. Жылқы мен адамның пішіні салынған құрбан шалу столы күні бүгінге дейін сақталған, онда малдас құрып отырған адам бейнеленген. Оның бет-әлпеті монғолдарға ұқсайды, үстінде шолақ куртка, белін белбеумен буған, балағы тар штан, жұмсақ былғары аяқ киім кигізген. Оның бас киімі шлемге ұқсайды.

Сақ қорғандарынан қола, алтын, сүйек және темірден жасалған алуан-алуан заттар табылды. Әсіресе ою-өрнек салынған бұйымдар ерекше қызықтырады. Бұлар скифтердің «аң стилі» деп аталатын мәндерінде берілген, аңдардың пішіні қимыл үстінде бейнеленген.

3. Үйсіндер мен қаңлылар. Біздің эрамыздан бұрынғы III ғасырда үйсіндер мен қаңлылар басқарған тайпалар бірлестіктері құрылған. Олар бір кезде осы жерді мекендеген сақ тайпаларының ұрпағы еді. Олардың қорғандары көбінесе сақтардың, Жетісу мен Тянь-Шаньдағы әлдеқайда көне ескерткіштеріне ұқсайды. Үйсіндер Жетісуды, қаңлылар Қазақстанның оңтүстігін, Сырдарияның орта ағысындағы аңғарларды, Қаратау бөктерлерін алып жатқан. Қазақстан



Есік қорғанынан табылған заттар.



Үйсіндердің Алматы маңынан табылған алтын пластинкалары.

территориясында үйсіндер мен қаңлылардан басқа уге, чешей алан тайпалары жайлаған.


Үйсіндер тайпасына ол кезде басшылық еткен орданың Ыстық көлдің бойында — Чигу болғаны жұртқа мәлім. Үйсіндердің қолбасшысы гуньмо деп аталған. Үйсіндер негізінен мал шаруашылығымен шұғылданған, бірақ олар егіншілік кәсіпті де білген. Олардың басты байлығы мал болған. Көбінесе олар жылқыны қастерлеген. Сонымен қатар олар қой, ірі қара, түйе өсірген, тары еккен, құлан, сайғақ, бұғы аулаған. Мал шаруашылығынан, егіншіліктен түскен, аң аулап тапқан өнімдерді тамаққа жұмсаған, жүн-жұрқадан тұрпайы мата тоқыған.

Жер астынан табылған мата қалдықтары, ұршықтың саз балшықтан жасалған иіргіштері сол кездегі үйсіндердің тоқыма кәсібiмен шұғылданғанын көрсетеді.

Үйсіндердің қыстайтын қоныстары тастан салынған, ішінара ошаққа от жағып жылытқан бірнеше тұрғын үйден және мал қайнайтын өте үлкен қорадан құралған. Мұнда жұрт қысы-жазы бірдей тұрған.

Қаңлы тайпасының қандай кәсіппен шұғылданғаны жөнінде мағлұмат өте аз. Үйсіндер мен қаңлылар Алтай, Орта Азия және Сибирь халықтарымен саяси және экономикалық байланыс жақсап тұрған.

Үйсіндердің өмірі, олардың тұрмыс салты, рухани мәдениеті. Іле аңғары мен Жетісудің оңтүстік батысындағы көптеген үйсіндер молаларын қазғанда табылған заттардан жақсы мәлім болып отыр. Ол кездегі үйсіндер өлген адамның қабіріне саз балшық



тан жасалған ыдыстарға азық салып, сусын құйып, ағаш табаққа кесек-кесек қой етін салып қояды екен. Мұнда өлген адамның өзі тұтынатын заттарды да, еркектердің — сарбаз садағы, оның жебелері, темір пышағы, әйелдердің — қола айнасы, сәндікке жағатын бояу салынған қорапшалары, шаш түйреуіші, моншағы, білезігі, қола, күмістен жасалған жүзігі, сырғасы бірге көмілген. Үйсіндер бұл заттар өлгендерге о дүниеде қажет болады деп түсінген.

Үйсіндер мен қаңлылар арасында табиғатқа табыну, ата-бабалар аруағын құрметтеу сияқты діни таным көп тараған. Олар табиғаттан тыс құдіретті күш бар деп сеніп, құрбан шалған. Сонымен қатар олар күнге, айға, жұлдыздарға табынған. Аспан шырақтары жыл санағының негізі болған. Сол бойынша көшіп-қонғанда жолдарын анықтап, діни дәстүрлерді орындап отырған.

Бертін келе үйсіндер мен қаңлылардың алғашқы қауымдық құрылысының ыдырай бастағаны байқалады, қоғам байлар мен кедейлерге, еріктілер мен құлдарға бөлінді. Үйсіндер мен қаңлылардың бай семьяларында 5 мыңға дейін жылқы болған. Ру көсемдері шөбі шүйгін жайылымдарды пайдаланды, оны олар өздерінің меншігі деп есептеді. Қорғандардың ішінен қожайындарымен қатар қойылған құлдардың сүйегі табылған. Иесі өлгенде оларды да өлтіріп, бірге көмген. Мұның өзі ол кезде үйсіндер мен қаңлылардың таптық жікке бөлінгенін айқын дәлелдейді.

Біздің эрамыздан бұрынғы I ғасырдың орта шенінде үйсіндер мен қаңлылардың ішінде өз ара тартыс басталды да бертін келе үйсіндердің жері Түрік қағандығының құрамына енді.

СУРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ежелгі адамдардың қоныс-мекендері Қазақстан территориясының қай жерлерінен табылды?
2. Алғашқы адамдар қандай еңбек құралдарын пайдаланған?
3. Қазақстанды мекендеген ежелгі адамдардың өмірінде мал шаруашылығы мен егіншіліктің қандай маңызы болған?
4. Сақтар, үйсіндер, қаңлылар жайлаған жерлерді картадан көрсетіңдер. Олар немен шұғылданған?
5. Сақтар, үйсіндер және қаңлылар арасында мүлік теңсіздігі қалай шыққан?
6. Егер сендер тұрған қаладағы музейде алғашқы қауымдық құрылысты бейнелейтін бөлім болса, оған экскурсияға барыңдар. Музейде көрген-білгендеріңді әңгімелеп айтып беріңдер.

ДОКУМЕНТ

Массагеттер¹ туралы Срабонның айтқандары

Массагеттер тауда да, жазықта да тұрады, өзен суынан болған батпақты, сол батпақтардағы аралдарды жайлайды дейді. Басқа өзендерге қарағанда көп жерінде тармақтарға бөлінетін Аракс (Амудария) өзенінен бұл жаққа су көп жайылады, оның сағаларының бәрі теңіздің солтүстік жағына, тек сағасы

¹ Зерттеушілердің көбі массагеттерді сақ тайпалары деп санайды.

ғана Шырқан шығанағына құяды дейді. Олар күнді ғана пір тұтады, оған құрбандыққа жылқыларын шалады...

Өздері ат үстінде де, жаяу да мықты сарбаздар көрінеді, қарулары — садақ, семсер, қалқан, мыс балта, соғыста алтын белдік буынып, жеңіне алтындаған желек байлап алады екен. Аттарының жүгендері мен құйысқандары, өмілдіріктері алтынмен әшекейленген. Күміс оларда жоқ, темір аз, ал алтын мен мыс мол болады екен.

Аралдарда тұратын массагеттер егін екпейді, сондықтан олар өсімдік тамырларын, жабайы жемістерді қорек етеді екен, киетіні ағаш қабығы (олардың қолында мал жоқ), жемістерді сығып, шырынын ішеді. Батпақты жерде тұратындарының күн көретіні балық, теңізден шығып қалған тюленьдердің терісін киім етеді. Тауда тұратындары жабайы жемістерді жеп күн көреді. Дегенмен олар азын-аулақ қой ұстап, жүні мен сүтін пайдалану үшін оны соймайды екен. Көйлектерін өсімдік сөлімен айқыш-ұйқыш бояп алатын көрінеді, бояу көпке дейін оңбайтын болса керек. Жазықты мекендейтіндері егін салуға қолайлы жерлері болса да, оны өңдемей, қой етімен, балықпен күнелтеді дейді. Тұрмыс салты көшпелі, скифтерше. Бұл халықтардың бәрінің де тұрмыс салты бірдей, өлікті жерлеу салттары, әдет-ғұрпы мен бүкіл тұрмыста қолданатын заттары ұқсас келеді.

Оқшау жүргенде бұл халықтардың әрқайсысы зұлым, тағы, жаугер келеді, ал басқалармен қарым-қатынас жасағанда ақ көңіл де әділ болады.

ТАПСЫРМА

Осы дерекке сүйене отырып, массагеттердің кәсіптері мен тұрмыс салтына сипаттама беріңдер.

2

БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАНДА ФЕОДАЛДЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

II Т А Р А У

Қазақстан территориясындағы ежелгі феодалдық мемлекеттер

§ 4. Қазақстандағы феодалдық қатынастар

Закавказьеде, Орта Азияда және Қара теңіздің солтүстік жағалауларында алғашқы қауымдық құрылыстың орнына құл иеленуші құрылыс орнағанын сендер СССР тарихы оқулығынан білесіңдер. Ал, Қазақстан территориясында құл иеленушілік құрылыс болған жоқ. Рулық құрылыс ыдыраған кезде шығыс славяндардағы сияқты мұнда да құл иеленуші емес, феодалдық қатынастар дами бастады. Бұл қатынастар шамалап айтқанда біздің эрамыздың алғашқы мың жылдығының орта шенінде қалыптасты.

Бірақ Қазақстандағы ертедегі феодалдық қатынастардың өзіне тән ерекшеліктері бар еді. Феодалдық қоғамның ішінде Шығыс Европадағы сияқты құл иеленушілік уклад болды. Жауласқан рулар мен тайпалар арасында болған соғыстар, шапқыншылықтар кездерінде құлдарды қолға түсіріп отырған. Адамды алған борышын төлемегені үшін де құлға айналдырған. Құл еңбегі негізінен феодалдың үй шаруашылығында қолданылды. Құлдар мал бақты, жер жыртты, соғысқа алынды.

Қазақстандағы феодалдық қатынастардың тағы бір ерекшелігі — оның патриархтық-феодалдық болғандығында. Қоғам үстемдік жүргізуші — феодалдар табына және езілуші — шаруалар табына бөлінді.

Бірақ Қазақстандағы феодалдық қатынастарда, әсіресе қазақ халқының тұрмысында алғашқы қауымдық құрылыс сарқыншақтары сақталып қала берді. Қазақтарда руға бөлінушілік және көшіп-қонғанда, түскен олжаны бөліскенде ру ішіндегі жасы үлкеннің билік айту тәртібі сақталды.

Патриархтық-ру сарқыншақтарының әсері ежелгі заңдардан да байқалып отырған. Бұл заңдарда әйелдердің ролі кемсітіл-

ген. Әйел өз ерінің мүлкіне мирасқор бола, қоғамдық өмірге қатыса, сотта іс қаралғанда куә бола алмады.

Осы аталған патриархтық-рулық сарқыншақтар феодалдардың таптық айырмашылықтарды бүркемелеуіне көмектесті. Бір көсемдері мал бітіп, феодал болысымен ру мүшелері өз көсемдеріне тегін жұмыс істеген бір кездегі ескі әдет-ғұрыпты сақтады. Қарапайым қауым мүшелері көсемдерінің малын бағып, оған жылына бірнеше рет әр түрлі тартулар жасады. Сөйтіп, феодал шонжарлар рулық ұйымды өз тұқымдастарын — көшпелі шаруаларды қанау үшін пайдаланды.

Патриархтық-феодалдық қатынастар феодалдардың маңайылымын меншіктенуіне негізделді. Сонымен қатар феодалдардың қолында көптеген мал болды, оны олар тек өзінің тұтынуы үшін ғана емес, көршілес халықтармен айырбас жасасу үшін де пайдаланды. Қазақстанда жерге феодалдардың меншігі ежелгі рулық сарқыншақтармен бүркемеленіп, рудың, қауымның меншігі деп есептелгенімен, іс жүзінде жерді феодалдың өзі билегенін естен шығармау керек.

Қазақстан жерінде феодалдық қатынастар біркелкі қалыптасқан жоқ. Ол мал шаруашылығымен бірге егіншілігі бар Шығыс Талас және Сырдария өзендерінің аңғарларындағы оңтүстік аудандарда тезірек өркендеді.

§ 5. VI—XII ғасырлардағы Қазақстан территориясындағы феодалдық мемлекеттер

1. Түрік¹ қағандығы. VI ғасырдың орта шенінде Алтайда Түрік қағандығы деген атпен белгілі болған тайпалар одағы құрылды. Көп кешікпей-ақ ол тек Азияның ғана емес, сонымен қатар дүние жүзілік тарих аренасына шықты.

Қағандыққа енген тайпалар тәуелсіз болды. Кейінірек оған Шығыс және Батыс қағандық деп аталып, екіге бөлінді. Соңғысының орталығы Жетісу жері болды. Оның құрамына ұйсін, қарлұқ, түркеш, қарлұқ тайпалары енді. Бұлар түркі тілдес тайпалар еді.

Батыс Түрік қағандығы қуатты держава болды. Онымен көршілес Иран да, алыстағы Византия да одақтасуға тырысты. Қағандықты өз тұсында өте-мөте күшейткен Датоу-қаған Қара теңіз жағасында сәтті соғыстар жүргізді. Иранмен соғысқан Византияға көмектесіп, Шығыс Түркістанға жорық жасады. Датоу қағанының мирасқорларының тұсында қағандық өзіне Орталық Азияны бағындырып алды.

Батыс Түрік қағандығы ертедегі феодалдық мемлекет болды. Оны жоғарғы билеуші және әскери қолбасшы — қаған басқарды.

¹ «Түрік» деген термин «түрік» деген сөзден шыққан, ол «әскери шонжарлар» деген сөз.

ды. Қағандарды тайпа аристократиялары сайлап отырған. Олар тайпа шонжарлары мен өздерінің туыстарына арқа сүйеген. Қаналушы бұқара «қара-будун» — «қара халық» деп аталған көшпелі малшылар мен еркін егіншілер болған. Қағандық халықтарының негізгі өндіріс құралы жер, қысқы және жазғы жайылымдар болған.

Көшпелілердің басты байлығы — мал жеке меншікте болып, мұра ретінде атадан балаға көшіп отырған. Қағандықта мүлік теңсіздігі болды. Мысалы, археологтар тайпа шонжарлары жерленген қорғаннан алтын мен күмістен жасалған заттар мен әшекейлерді және жібек киімдердің қалдықтарын, қарулар мен сәнді әбзелдер тапты. Түрік молаларынан көбінесе темір пышақ пен садақтың бірнеше жебелері кездеседі.

Түріктер тамаша қолөнершілер болған. Олар металл аспаптар, әсем әшекейлер, қарулар шығарған. Темір ұсталары ат әбзелдерін безендіру үшін жалпақ жұқа пластиналарға әшекейлер мен айылбас жасауда асқан шеберлікке жеткен: Күміс пен қоладан жасалған пластиналарға барыс, жылан, бұғы бейнелері нақышталып салынған. Темірден пышақ пен қанжар, семсер мен қылыш және жебенің ұштары соғылған. Түріктердің ою салғыш шеберлерінің даңқы шыққан. Олар ет салатын жайпақ табақ, садақтың ағаштан жасалатын негізін, жебенің ағаш сабын жасаған.

Түріктердің өлген адамның қабіріне жауынгердің тастан қашалған сымбатын қоятын салты болған. Мүсіндерді зерттеу түріктердің тұлғасын, олардың киген киімдерін, жауға аттанарда қолына ұстаған қаруларын, жақсы көрген әшекейлері мен күнделікті тұрмыста қолданған заттарын көз алдына елестетуге мүмкіндік береді.

Түріктердің жазуы болған. Талас өзенінің аңғарынан түріктердің жазуы табылды. Жазулар ежелгі руни жазуына ұқсас ерекше әріппен жазылған. Сондықтан оны рунилық жазу (руника) деп атайды.

VIII ғасырдың басында қағандық ыдырап, оның жерінде түркеш тайпалары күшейді. Бірақ түркештер де Жетісуда ұзақ тұра алмады. Оларды арабтармен болған күрес әлсіретіп тастаған еді. Сөйтіп, VIII ғасырдың орта шенінде-ақ мұнда өкіметті карлуктар басып алды.

2. Карлук қағандығы. Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігінде карлуктардың үстемдігі 200 жылға жуық уақытқа созылды. Іле, Талас, Шу аңғарларын шегелі және ягма тайпалары да жайлаған. Жазба деректерде карлуктар қағандығында гүлденген тұрақты мекендер мен қалалар болған делінген. Карлуктардың бір тайпа елі егіншілікпен, басқасы мал шаруашылығымен шұғылданған. Сонымен қатар аңшылық та дамыған. Карлуктардың қоғамы таптарға бөлінген. Жайылым мен малды патриархтық бай семьялар өз қолында ұстаған. Олар өздерінің қарапайым тайпаластарына мал бақтырған, егістікте жұмыс істеткен.

Қалалардың халқы кедейленген шаруалар есебінен көбеюі. Малдарынан айрылған шаруалар егіншілікпен шұғылдануға мәжбүр болды. Қалаларда да билік ірі феодалдардың қолында болды. Әдетте қала басқарушысының қамал сарайы мен бай жерлері, көпестер, қолөнершілер және шахристан (посад) халқы тұратын қалаға жан-жағы қоршалған ауыл-аймағы қосылған жататын. Қоршалған қабырғалар жаудан қорғану және қоралар мен аймақ иелеріне қарасты жерлердің шекараларын көрсету үшін қажет болған. Жол бойларында рабат — әскери қоныстар орналасқан. Карлук қағандығын жабағулар — князьдар басқарған. Олар Орта Азияны билеп-төстеушілер — саманидтермен қарым-қатынас жүргізді.

940 жылы Жетісуды қарахандықтар басып алғаннан кейін карлуктар өзінің тәуелсіз иеліктерін тек Іле аңғарларында ғана сақтап қалды. Қағандықтың астанасы Қойлық қаласы болды.

3. Қимақтар мен қыпшақтар мемлекеті. Қимақтар мен соғдылар тектес қыпшақтардың¹ қалай қоныстанғаны туралы ең ерте мәліметтер Ісмаилді дүматтар VIII ғасырдың бас кезіне жатады. X—XII ғасырларда Қазақстанның Солтүстік, Шығыс және Орталық аймақтарында қимақтар мен қыпшақтар мекендеген.

Қимақ-қыпшақ тайпаларында мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастырған жартылай отырықшылық шаруашылық, көшпелі мал шаруашылығы, сондай-ақ егінді қолдан суғару әдістері қолданған тұрақты шаруашылық дамыған. Көшпелілер жылқы, қой, ешкі, сиыр, түйе өсірген. Жартылай отырықшы халықтар қыстаулар, малды қамап шөп шашатын қоралар салған. Тайга зонасында тұрған халық бұлғын, ақ тышқан, түлкі, суық жолбарыс, барыс аулаумен айналысқан. Аң терісін сатқан жерлер әр түрлі товарларға, тұзға айырбастаған.

Қимақтар мен қыпшақтар қармақты, сүзекіні, қайықты илеп, баланып, балық аулаумен де шұғылданған. Олар дәнді және бұршақ дақылдары: бұршақ, ірі бұршақ, күріш, бидай, арпа жамбылдық өсірген.

Арабтардың сақталып келген деректеріне қарағанда қимақтар мен қыпшақтардың 16 қаласы болыпты. Олар сауда жолдарына, көлдер мен өзендердің бойына, кен қазатын жерлерге салынған. Ірі қалалары: Карантия, Гаган, Дамурия, Сарысу, Банжар, Дахлан, Астур болған. Қалалардың айналасына мыңбекіністер салынған, оны әскерлер күзетіп тұрған. Қалаларда храмдар, базар алаңдары, қолөнершілер кварталдары болған. Бекіністің қабырғалары шикі кірпіштен, шымнан, бума қамтан салынған. Мұндай қамалдардың айналасында көбінесе қазылып, ішіне су толтырып қоятын да болған.

Қала тұрғындары мен көшпелілер үйлерінде қолөнер көрсеткен.

¹ XI ғасырдың басына дейін қимақ-қыпшақ тайпаларын қимақтар басқарған.

мен шұғылданды, бұл мал шаруашылығына, аң аулауға, егіншілікке, балық аулауға, темір, алтын, күміс, асыл тас өндіруге тығыз байланысты болды. Қимақтар мен қыпшақтар тамаша ұста және құюшы болған. Киізден киім, аяқ киім, үйде ұстайтын бұйымдар жасаған. Ағаш үйді киізбен жапқан. Теріден — былғары, ал былғарыдан аттың әбзелдерін, ер-тұрман, қорамсақ жасаған. Ағаштан — кереге, уық, ыдыс, шаңғы, қайық, жебе, найза жасаған. Аң терісінен киім тіккен.

VIII ғасырдың екінші жартысы мен IX ғасырда қимақ-қыпшақ тайпалары одағының негізінде ертедегі феодалдық мемлекет қалыптасты. Қимақтардың патшасы Хакан деп аталған. Хакан елді 11 управитель арқылы билеген. Бұл управительдер де салық жинау жұмысын жүргізген.

Қимақтар мен қыпшақтар жазуды білген. Олар ежелгі түрік жазуын пайдаланып, қамыс қаламмен жазған.

Қимақтар мен қыпшақтардың арасында түріктердің ежелгі діни нанымдары көп тараған. Олар табиғаттың әр түрлі күштері мен құбылыстарын пір тұтқан, көкте тәңірі бар деп және ата-бабаларына табынған. Тайпалардың бірқатары отты қасиетті, үйдің қорғаушысы деп есептеп, оған табынған. Өлгендерді өртеп жерлеу салты сол отқа табынуға байланысты болса керек. Қимақтар мен қыпшақтар күнге, жұлдыздарға, әруақтарға да табынған, Ертіс өзенін қасиет тұтып, «Өзен адамның тәңірі» деген. Тас сымбат (мүсін) қойып, оған табыну салты кеңінен тараған.

Көп заман өткенде қимақтардың орнына олармен тектес қыпшақтар келді. Қыпшақтар мекендеген жерлер «Дәшті-қыпшақ», яғни қыпшақ даласы деп аталды. Бұлардың да негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып қала берді. Қыпшақтардың қолөнер дамыған қалалары болған. Қыпшақ жерінен күміс пен алтын шығарылған. XI ғасырда қыпшақтар Сырдария, Қаратау қалаларын өзіне бағындырып алды. XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында қимақтар мен қыпшақтар мемлекетін моңғолдар талқандады.

Қазақстанның басқа аймақтарында да таптық қоғам қалыптасып жатты. IX ғасырдың аяқ шенінде Сырдарияның бойында, Батыс Қазақстан далаларында, Үстірттің солтүстік жағы мен Арал өңірінде, Жайық пен Ембі өзендерінің аралығында ертедегі феодалдық мемлекет құрылды, оны құру ісіне қимақтар мен қыпшақтардың көршілестері — огуздер қатысты. Огуздер бірлестігіне түркі тілдес көшпелілер тайпалары мен егінші халық енді. Мемлекет басында яғбу отырды.

Егінші огуздердің суармалы жерлерінде арпа, бидай, мақта, жүзім, қауын өсірілді, жібек шаруашылығы кеңінен тарады.

Көшпелі огуздердің шаруашылығында жылқы ұстау маңызды орын алды, оның үстіне олар қой, ешкі, түйе өсірді, ал жартылай көшпелі халық өгіз, сиыр өсірді.

Жасыл алқаптарды (оазис) жайлаған ел мен дала көшпелі-

лері арасында тығыз шаруашылық және сауда-экономикалық байланыс жасалып тұрды. Сауда мен қолөнердің ірі орталықтары Янгикент, Жент, Сауран қалалары болды. Қалаларда сауда алаңдары мен кварталдары болған, онда қышшылар, шыныдан үрлеп түрлі бұйымдар жасайтын шеберлер, зергерлер, тоқымашылар, кірпіш күйюшылар өздерінің жасаған бұйымдарын сатқан. Қолөнершілер әйгілі кілемдерді, көркем қыш бұйымдарымен әйнек, жібек, мақта, зығыр маталар, киім-кешек тігілген және қамқадан істелген бұйымдар шығарған. Оғуз шеберлерінің алтын, күміс күйюмен, металға өрнек салумен даңқы шыққан. Қолөнер өндірісі мал шаруашылығы салаларында да әбден жетілген. Жасалған бұйымдардың бірқатары Орта Азияға, Иран мен Кавказға, Шығыс және Батыс Еуропа елдеріне шығарылған.

Феодалдық қатынастар дамыған сайын оғуздердің арасында тартыс күшейіп, күйзелген шаруалардың феодалдарға қарсы тап күресі шиеленісті, мұның өзі оғуз державасының құлдырауына әкеп соқты. Оғуздер мемлекетінің құлдырап, құрып кетуіне қыпшақтар себепкер болды. XI ғасырдың орта шенінде оғуздер державасы қыпшақтардың соққысынан біржолата құлады.

4. Қарахандықтар мемлекеті. Бұл мемлекет Шығыс Түркістанда құрылды да алғашқыда Қашғар территориясымен шектелді, қарахандықтар мемлекеті X ғасырдың екінші жартысында өзінің билігін Жетісу, Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия территорияларына жайды. Оның астанасы Шу аңғарындағы Баласағұн қаласы, ал кейініректе Тараз (қазіргі Жамбыл) болған. X—XI ғасырлардағы қарахандықтар тұсында феодалдық қатынастар одан әрі дами берді. Мемлекет басшысы Тамғаш-хан елді өзіне жақын адамдармен және уәзірлерімен бірігіп басқарды. Мемлекет удельдерге бөлінді. Хан мемлекеттік немесе әскери қызметі үшін феодалдарға жер беріп, халықтан салық жинауға право беріп отырған. Мұндай жерлер икта деп аталған. Феодалдардың шаруаларды қанау формасы да сыбағаластық аренда, яғни издольщина болды. Бұл тәртіп бойынша жерсіз немесе жерсіз шаруалар феодалдардың жерін өңдеп, одан түскен өнімнің едәуірін беріп отырған.

Қарахандықтар тұсында қала өмірінің, сауданың, қолөнердің, ауыл шаруашылығының гүлденгені байқалады. Кен қазу және металлургия өндірісіне байланысты көптеген елді қоныстар пайда болған. Алтын, күміс, сынап, темір, мыс, қорғасын, бирюза (көгілдір түсті асыл тас), тас, асбест, мүсәтір шығарылған.

Қарахандықтар Русьпен, Византиямен, Иранмен, Орта Азияның қашық аймақтарымен қызу сауда жүргізген. Каспий теңізі арқылы өтетін теңіз жолы қарахандықтар мемлекетін Закавказьемен және төменгі Поволжьемен байланыстырған. Құрылықтағы керуен жолдары Қазақстан даласын Шығыс және Батыс Еуропамен, Алдыңғы және Кіші Азиямен, Қиыр Шығыспен қосқан.

Шығыс Түркістанда тұратын ұйғырлар да қарахандықтардың

қол астында болды. Онда да феодалдық қатынастар үстемдік етті, егіншілік, қолөнер, сауда өркендеп, қалалар көбейді.

Қарахандықтар көршілес мемлекеттермен ұзақ уақыт бойы табан тіресе соғыс жүргізді. Әрбір наместник дербестікке ұмтылды. Осының бәрі державаны әлсіретіп жіберді. Сонымен қатар шаруалар мен феодал шонжарлар арасында тап күресі шиеленісіп кетті. Сөйтіп, XI ғасырдың орта шенінде қарахандықтар мемлекеті біржолата құлдырады.


§ 6. VI—XII ғасырлардағы Қазақстан территориясында қалалардың, сауданың және қолөнердің дамуы

Үйсіндер мен қаңлылардың егіншілікпен айналысқаны жайында жоғарыда айтылды. Бірақ Қазақстанды мекендеген тайпалардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғанын естен шығармау қажет. Олардың түріктер, карлуктар, әсіресе қарахандықтар кезінде дами түскен отырықшы халқы, қолөнер орталықтары болды. Солардың ішінде Батыс Түрік қағандығының астанасы Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар қалалары бар. Қалалардың шығуы — таптық қоғамның құрылуының айқын айғағы еді. Ф. Энгельс адамзат қоғамының дамуында қалалардың қандай роль атқарғанын көрсете келіп: «Жаңа қалаларды айбарлы қорғандардың айнала қоршап тұрғаны тегін нәрсе емес: олардың төңірегіндегі ор-апандардан ру құрылысының моласы көрінеді, ал олардың мұнаралары қазірдің өзінде-ақ цивилизацияға тиіп тұр»¹, — деп жазды.

Қазақстан қалалары арқылы сауда керуен жолдарының өтуі олардың дамуында маңызды роль атқарды. Иран мен Византиядан Қытайға баратын ұлы жібек жолы Жетісу арқылы өтті. VIII—IX ғасырларда көшпелілердің бір бөлігі отырықшылыққа ауысты. Қала тұрғындары солардан құралды. Шу, Талас және Іле аңғарларында егіншілік пен қолөнерінің ірі орталықтары пайда болды. Ежелгі қаланың орталығы қамал — бекіністер болды, онда қала әкімінің резиденциясы орналасты. Онымен қатарлас көпестер, ірі жер иеленушілер, чиновниктер, қолөнершілер тұратын сырты биік дуалдармен қоршалған қаланың екінші жағы жалғасты. Осы кезде көптеген қолөнер шеберханалары орналасқан және қаланың қарапайым адамдары паналаған қала маңындағы қоныстар да салына бастады. Ол кездегі қаланың экономикалық өмірінің орталығы — базар болды. Базардан қой, жылқы, былғары, киіз бұйымдарын, қой терілері мен кілемдер әкеліп сататын даланың көшпелі адамдарын да кездестіруге болар еді. Олар егіншілерден — астық, қолөнершілерден — металл бұйымдарын, әшекейлі нәрселер мен мата сатып алатын.

Қаланы айнала бай жер иелерінің қамалды усадьбалары, феодалдардың замоктары, қарапайым шаруалар қоныстары ор-

¹ К. Маркс және Ф. Энгельс, Соч. XVI том, I бөлім, 140-бет.



Баба-Ата қалашығының казындысы (VIII—XII ғасырлар).


наласты. Егін шаруашылығы мұнда суармалы болған. Шебеқаншы каналдар қазып, оны сумен ағып келген laidан тазыған. Судың бір тамшысына дейін зая кетпеген. Қазақстан оңтүстігінде негізінен бидай, ал Іле аңғарында — тары егін. Сырдария, Талас және Шу аңғарларында жүзім өсірген. Жүзімнен шарап, тәтті тағамдар жасаған.

Қалаларда қолөнер кәсібі дамыды. Қышшылар балшықтан әртүрлі заттарды: астық сақтайтын, су және шарап құятын ыдыстар, әсем құмыралар мен дөңгелек стол — дастарқа және білте шамдар, тамақ пісіретін қазан және нәзік жұқа ны-аяқ жасап шығарған. Бұлардың қасында темір ұсталары, герлер, тоқымашылар еңбек еткен.

Алтайдан, Тянь-Шаньнан, Қаратаудан өндірілетін рудадан металл қорытылды. Мұнда кен қазушылар мен металлгерлердің қоныстары пайда болды. Әсіресе Таластың жоғарғы ағысындағы күміс кендерінің даңқы шыққан.

Орта Азиядағы сияқты Қазақстанда да қалалардың гүлденуі феодалдык қатынастардың дамыған кезі X—XII ғасырларға тады.

Егіншілік пен отырықшылық дамыған сайын базарға шартыратын қолөнер бұйымдарын өндіру көбейді. Қалаларда сауда өсе берді. Сауда қатынасында ақшаның маңызы барған сәуірде арта түсті. Сауда айналымында әр түрлі қалаларда тұратын феодалдык шығарған сан қилы соғылған ақша монеттері болатын. Тараз, Отырар, Алмалықтан шығарылған монеттер кең таралды.



Бабаджан-хатун мазары (X—XI ғасырлар).

Айша-Биби мазары (XI—XII ғасырлар).

§ 7. VI—XII ғасырлардағы Қазақстандағы тайпалар мен халықтардың мәдениеті


1. Құрылыс және архитектура. VI—XII ғасырларда Қазақстанда құрылыс ісі мен халықтық архитектура дамыды. Отырықшы аудандарда тұрғын үй балшықтан, тастан, шымнан, ағаштан, қамыстан салынды. Ірі құрылыстарды салуға күйдірілген кірпіш пайдаланылды. Қалалардағы сарайлар, мешіттер, моншалар кірпіштен салынды.

VIII ғасырда араб шапқыншылары Қазақстанда ислам дінін таратты. Діни ғимараттар салына бастады. Адамның өмірін құдай жаратады деп уағыздалды. Ислам діні мемлекеттік идеологияға айналды. Феодал шонжарлар оны халық бұқарасын қанау үшін пайдаланды.

Ежелгі архитектуралық мұраға Айша-Биби мазарының (Жамбыл қаласының маңында) қалдықтары жатады. Ол XI—XII ғасырларда қарахандықтар тұсында салынған. Айша-Биби мазары бір күмбезді шағын үй. Бірақ оның теңдестіріле салынғандығы соншалық, тіпті ол өте ірі де әсем көрінеді. Мазар биік төбенің жазық төскейіне салынған. Қабырғалары қазақ шеберлерінің кілемге түсіретін ою-өрнектерімен әшекейленген.

Бабаджан-хатун мазары да осында. Бұл да сол X—XI ғасырда салынған.

Сол кездегі құрылыстың бірі — Тараз моншасы болған. Оның қызу жіберетін күрделі құбырлар жүйесі, бассейндері болған.



Қол жуатын леген. Тараз қаласы
(X—XII ғасырлар).



Сайрам қаласынан табылған кер
калық ваза (XI—XIII ғасырлар)

Қабырғалары фреска жазуымен безендірілген. Осының бәрін
лық арасынан шыққан шеберлер жасаған.

2. Халық ауыз әдебиеті мен әдебиет. Қазақстанның еж
тұрғындары кейінгі ұрпаққа өте бай поэзиялық ауыз әдеби
қалдырды. Онда халықтың ғасырлар бойы жиған тәжіриб
оның арманы мен үміті бейнеленген. Ежелгі кезден біздің кезі
ге дейін түркі жазуының сирек кездесетін ескерткіштері де же
Сол дәуірдің әдебиетінің жазба ескерткіштеріне XI ғасыр
аяғында Махмуд Қашғари құрастырған «Диван-луғат-ат түркі»
(«Түркі тілінің сөздігі») жатады. Авторға 25 түрлі тайпа бел
болған. Солардың ішінде ол қырғыз, ұйғыр, оғуз, қыпшақтар
атайды. Сөздікте сол кезеннің тарихы, фольклоры, тілі жайы
құнды мағлұматтар бар. Махмуд Қашғаридің келтірген мақ
дарының ішінен осы күні де халық арасында айтылып жүр
«Қонақ келді — ырыс келді», «Атын аямаған жаяу қала
«Атқан оқ кері қайтпас» деген мақал-мәтелдерді кездестірі
болады.

Жазба әдебиетінің таңдаулы үлгілеріне Баласағұн қала
нан шыққан Юсуф 1069 жылы жазған «Қутатғу билиг» («Қа
бақытты болу жайындағы ғылым») деген поэмасы жатады. О
феодалдар, көпестер, малшылар, қолөнершілер жайында, ф
далдар езгісінде қасірет шеккен халықтың жағдайы жайында
тылады. Поэма қарахандықтар мемлекетінің әлеуметтік кү
лысы жайында түсінік береді.

Ежелгі кезден біздің кезімізге дейін Қорқыт жыраудың
мі, күлдіргі және тапқыр Алдар Көсе мен Жиренше жөнінд